

FinePower

ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

**Дренажды сорғы
FinePower DD21-08**

Мазмұны

Құрметті сатып алушы!	4
Құрылғының тағайындалуы	4
Сақтық шаралары	5
Техникалық сипаттамалары	6
Құрылғының схемасы	7
Құрылғыны пайдалану	8
Шығын-тегеурінді сипаттамаларының кестесі	9
Қызмет көрсету және күтім	10
Ықтимал проблемалар және олардың шешімі.....	10
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	11
Қосымша ақпарат	12

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының тағайындалуы

Дренаждық сорғы құдықтар мен ұңғымалардан суды көтеруге, су басқан үй-жайларды (жертөлелерді, траншеяларды) құрғатуға, сондай-ақ шаруашылық қажеттіліктер үшін кез келген су қоймаларынан тұщы суды айдауға арналған.

Назар аударыңыз: сорғы ауыз суды айдауға арналмаған.

Сақтық шаралары


- Құрылғыны пайдалануды бастар алдында оны зақымданулардың бар-жоғына мұқият тексеріңіз. Олар болған жағдайда құрылғыны пайдалануды бастамаңыз және тез арада оны сатып алған орынға хабарласыңыз.
- Бірінші рет қолданар алдында немесе ұзақ уақыт сақтағаннан кейін, сорғыны 5-10 секундқа қосыңыз. Егер Сіз бөтен шу естісеңіз немесе қатты діріл, күйік иісін сезсеңіз — сорғыны желіден дереу ажыратыңыз және ақаулықты жойғанға дейін қоспаңыз.
- Сорғыны жанғыш және жарылғыш заттар мен қуатты жылу көздерінің жанында пайдаланбаңыз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.
- Құрылғымен жұмыс істеу дағдысы жоқ адамдарға, сондай-ақ балаларға немесе мүмкіндігі шектеулі адамдарға құрылғыны пайдалануға немесе сорғыны пайдалану кезінде Сіздің жұмыс кеңістігіңізге жақын болуға рұқсат бермеңіз. Оларға құрылғылар мен жабдықтарға, олардың сымдарына немесе алынбалы бөліктеріне қол тигізуге жол бермеңіз. Бейтаныс адамдардың болуы Сізді алаңдатуы мүмкін, сөйтіп, төтенше жағдай туындау қаупін тудырады.
- Құрылғыны тек үйлесімді электр желілерімен пайдаланыңыз. Үйлесімді желі параметрлері туралы ақпаратты «Техникалық сипаттамалар» бөлімінен көре аласыз.
- Құрылғы мен электр розеткасын орнатуды білікті мамандар орындауы қажет.
- Сорғыны желіге қосу орны судан қорғалған болуы қажет.
- 30 мА астам тоқтың кемуінен қорғайтын ажырату құрылғысын (ҚАҚ) орнату міндетті.
- Құрылғыны өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу бойынша барлық манипуляцияларды тек авторландырылған сервистік орталықтың білікті мамандары ғана жүргізуі тиіс.
- Жерге тұйықталған беттермен (құбырлар, радиаторлар, тоңазытқыш корпусы және т. б.) дененің жанасуына жол бермеңіз. Сіздің денеңіз жергі тұйықталғанда электр тоғының соғу қаупі едәуір артады. Пайдалану кезінде құрылғының металл бөліктеріне қол тигізбеңіз.
- Құрылғының сымын қысудан, кесуден, соққылардан және басқа зақымданудан қорғаңыз. Егер сым зақымдалған болса, құрылғыны пайдалануды дереу тоқтатыңыз және авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Құрылғыны құрғақ бөлмеде, балалар мен мүмкіндігі шектеулі адамдардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Ешқандай жағдайда құрылғыны бөлмеден тыс жерде сақтамаңыз.
- Құрылғыны тікелей тағайындалуы бойынша ғана пайдаланыңыз.
- Құрылғымен қатты шаршау, ұйқының болмауы, ауру, алкоголь немесе есірткіге мас болу жағдайында жұмыс істемеңіз. Аталған жағдайлардың кез-келгенінде де Сіздің назарыңыздың шоғырлануы төмендейді, бұл апатқа әкелуі мүмкін.
- Сору магистраліне ауаның кіруіне жол бермеңіз.
- Сорғының су қабылдайтын тесіктерін жаппаңыз.
- Сорғыны +1 °C-ден төмен температурада пайдаланбаңыз, сонымен қатар аяз болуы мүмкін болса, оны түні бойы қосулы қалдырмаңыз.
- Айдалатын сұйықтықтың температурасы +1 °C-ден +35 °C-ға дейін болуы тиіс.
- Сорғы толық батыру кезінде пайдалануға арналған.

- Адамдар болуы мүмкін су қоймаларында сорғыны пайдалануға тыйым салынады.
- Тұзды суды, құрамында абразивті заттар, үлкен тастар, талшықтар, металл заттар бар суды айдауға тыйым салынады, өйткені бұл жұмыс бөлшектерінің зақымдалуына және мерзімінен бұрын тозуына әкеледі.
- Жанғыш, тұтқыр және химиялық белсенді сұйықтықтарды айдауға тыйым салынады.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	DD21-08
Сауда белгісі	FinePower
Өнімділігі (л/мин)	216
Максималды жұмыс қысымы (бар)	0,5
Қорек желісінің параметрлері	220 В, 50 Гц
Тұтынылатын қуат (Вт)	525
Шығыс саңылаудың диаметрі (дюйм)	1; 1 ¼; 1 ½
Судың максималды көтерілу биіктігі (қысым) (м)	8
Су алудың максималды тереңдігі (м)	7
Қуат кәбілінің ұзындығы (м)	10
Корпус материалы	Пластик
Қорғану сыныбы	IPX8
Өткізілетін бөлшектердің диаметрі (мм)	35
Қолдану	Лас суға арналған
Сіңірілетін судың температурасы	+1 °С ден +35 °С дейін
Оқшаулау сыныбы	В

Құрылғының схемасы



1. Тасымалдау тұтқасы.
2. Шығару құбыры.
3. Қосу/өшіру сенсоры.
4. Жабық корпус.
5. Сору терезелері.


Сорғыны сөндіру деңгейін реттеу

Сорғы қалқымалы ажыратқышпен жабдықталған. Судың ең аз деңгейінде ажыратқыш сорғыны сөндіретініне көз жеткізу керек. Қалқымалы кәбілдің ұзындығын реттей отырып, сорылатын сұйықтықтың әртүрлі деңгейлерінде ажыратқыштың жұмысына қол жеткізуге болады.

Жиынтықтама

1. Құрылғы.
2. Пайдаланушының нұсқаулығы.
3. Шлангқа арналған ауыстырып қосқыш

Құрылғыны пайдалану



1. Құбырды сорғының шығыс штыцеріне жалғаңыз.
2. Сорғыны электр желісіне қосыңыз (розетка міндетті түрде жерлендіріп, 30 мА тоқпен ҚЖҚ арқылы қосылуы керек).
3. Сорғының тұтқасына сымарқанды байлаңыз, ол соның көмегімен суға түсіп, көтеріледі.
4. Сорғыны суға батырыңыз.
5. Жұмыс аяқталған соң, тез арада құрылғыны желіден ажыратыңыз.

Ескертпелер:


- желілік кәбіл мен құбыршек сорғының салмағымен тартылмауы тиіс;
- барлық сымдарды құбырмен, сорғының гидравликалық корпусымен және қозғалтқыш корпусымен жанаспайтындай етіп орналастыру керек;
- қалқымалы ажыратқыштың ештеңеге жабыспайтынына көз жеткізіңіз (мысалы, құдық қабырғаларының артына);
- Қалқымалы ажыратқышты реттеу өрісіндегі су көлемінің бар екеніне және сорғыдан сағатына 30-дан астам қосылуды қажет етпейтініне көз жеткізіңіз.

Назар аударыңыз: сорғыны қорек кәбілінен ұстап суға батыруға болмайды. Сымарқанды немесе жіпті қолданыңыз.

Жұмыс тәртібі

1. Сорғы алдын-ала майлауды және су құюды қажет етпейді. Суға батырылғаннан кейін бірден жұмысқа қосылады.
2. Жұмыс кезінде құбыршекті қысу арқылы немесе құбыршекке сорғының номиналды өнімділігінен төмен өткізу қабілеті бар саптамаларды орнату арқылы судың қысымын көтеру қажет емес.

Шығын-тегеурінді сипаттамаларының кестесі



Ескерту: сорғының өнімділігі қысымға (судың көтерілу биіктігіне) тікелей байланысты. Сорғыны максималды қысыммен пайдалану ұсынылмайды - бұл жағдайда судың берілуі төмен болады.

Қызмет көрсету және күтім

- Жұмыс басталғаннан кейін сорғыға 1-2 сағаттан кейін алғашқы тексеруді міндетті түрде жүргізіңіз. Болашақта кем дегенде үш айда бір рет тексеру жүргізіңіз.
- Қуат баусымының астында үйкеліс іздерінің болуы оның шамадан тыс созылуын көрсетеді. Келесі орнату кезінде қорек сымының созылуын болдырмаңыз.
- Кір жиналған жағдайда сорғының төменгі бөлігін келесідей бөлшектеу керек:
 - 4 бұранданы бұрап, сору бөлігінің төменгі бөлігін алыңыз;
 - сору қорабын сорғы корпусынан алыңыз;
 - құрылғыны таза сүмен жуыңыз;
 - құрылғыны кері тәртіпте жинаңыз.

Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

Проблема	Ықтимал себептері	Шешімі
Сүмен жабдықтау төмендеді, сорғының дыбысы күрт өсті	Резеңке піспек тозған	Сорғыны дереу сөндіріп, ақаулықты жою үшін қызмет көрсету орталығына апарыңыз
Су беру төмендеді, гуулдеу өзгерген жоқ	Резеңке клапан тозған	
Сорғы қосылмайды, электр желісіндегі қорғаныс іске қосылады	Электржетектің шарғыларындағы орамалық тұйықталу	

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Шарттар қандай да бір құрастыру немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5 °С-ден 40 °С дейінгі температурасында және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталған соң, оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына бұйым мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес соңынан қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін, тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратылуға тапсырылуы тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс қолданылмаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, тез арада авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Нинбо Санвэй Электро-Машинери Ко., Лтд.,
№ 9, Синьчжуан Жаңа Өнеркәсіптік паркі, Ляньфэн тас жолы, Хайшу ауд.,
Нинбо қ., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Қазақстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламенттеріне сәйкестігін міндетті растаудан өтті:

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы».
- КО ТР 010/2011 «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді:

- ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы».

Интернеттегі мекенжайы: www.finepower.ru



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:

<https://finpower.ru/page/dynamic/support/>

Кепілдік міндеттемелері және ақысыз қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, бұйым жиынтығына кіретін төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қорек элементтері (батареялар).
- Біріктіру кабельдері, антенналар және оларға арналған ұластырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштары, жиынтықта жеткізілетін бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (соның ішінде, бірақ аталғандармен шектелмей, бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ), сыртқы енгізу/шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасуға арналған сымдар, монтаждау айлабұйымдары, саймандар, бұйымға қоса берілген құжаттама.
- Шығыс материалдары және табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектер.



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:

- Кепілдік мерзімі өтіп кеткен жағдайда.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымның иесі және/немесе үшінші тұлғалар бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу салдарынан, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды, бұйымды қосу (тиісті емес желілік кернеудің бұйымның өзіне де, онымен түйіндес бұйымдарға әсер етуінің нәтижесінде де пайда болған қысқа тұйықталулар), сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге зиян үшін жауап бермейді.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: жарықтар, сызаттар, деформациялар, соққы іздері, майысқан, мыжылған жерлер және бұйымды пайдалану барысында болған т. б. зақымданулар.
- Сыртқы түрлендірулердің, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдардың жүргізу іздері болса. Егер ақау бұйым конструкциясының немесе схемасының өзгеруіне, өндіруші көздемеген сыртқы құрылғылардың қосылуына, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануға байланысты болса.
- Егер ақау еңсерілмейтін күш әсерінен (табиғи апаттан, өрттен, су тасқынынан, жер сілкінісінен, тұрмыстық факторлардан және Өндірушіге байланысты емес өзге жағдайлардан), немесе үшінші тұлғалардың Өндіруші болжай алмаған әрекеттерінен туындаған болса. Ақау бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелген бұйымның ішіне бөтен заттар, бөгде денелер, заттектер, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлар түсуінен, агрессивті орталардың, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температуралардың әсерінен туындаған болса.
- Бұйым сәйкестендірілмесе немесе сәйкес келмесе (сериялық нөмірі). Егер ақаулықтар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен; БЖ жеткізушісінде ұқсас қызметтер ұсынылмауына байланысты, арылту/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз, бұйымның бағдарламалық ресустарына қатынай алмауға әкелетін, құпиясөздерді (кодтарды) орнатудан, ауыстырудан немесе жоюдан туындаған болса.
- Егер жұмыс ақаулары қуат бергіш, кәбілдік желілерінің, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал қуатына сәйкес келмеуінен, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктерінен және басқа ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің қамту шекарасында немесе аймағынан тыс пайдаланудан туындаған болса.
- Егер ақаулықтар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапалы емес (зақымдалған) шығыс материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (CD, DVD дискілерін, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаған болса.
- Егер кемшіліктер үйлесімді емес контентті (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қосымшалары және оларға ұқсас бағдарламалар) алу-дан, орнатудан және пайдаланудан туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істеп тұрған басқа жабдыққа келтірілген шығынға.



